

Мемлекеттік ресурстарға 2008 жылғы егіннің астығын сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 ақпандағы N 188 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мемлекеттік ресурстарға 2008 жылғы егіннің астығын сатып алуды жүзеге асыруға арналған бюджет қаражатының сомасы: көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы 3892000000 (үш миллиард сегіз жүз тоқсан екі миллион) теңге мөлшерінде; күзгі кезеңде 7937382000 (жеті миллиард тоғыз жүз отыз жеті миллион үш жүз сексен екі мың) теңге мөлшерінде белгіленсін. Көктемгі-жазғы қаржыландыруға пайдаланылмаған ақша қаражаты күзгі кезеңде астық сатып алуға пайдаланылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.27 N 774 Қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ.Күрішбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.27 N 774 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі